

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) академиялық дәрежесін алу үшін «Кен байыту кешені жұмысшыларының денсаулығын басқарудың медициналық-әлеуметтік негіздері» тақырыбындағы Тилемисов Мағжан Какармановичтың диссертациялық жұмысына сын-пікір

Тилемисов Мағжан Какарманович, 1989 жылы Алматы облысында дүниеге келген. 2012 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина университетін «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша бітірген. Студенттік жылдары ғылыми үйірмеде ғылыми жұмыстармен айналысып, конференцияларға қатысты. Студенттік кездегі жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, келесідей марапаттарға ие болды:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық инновациялық технологиялар орталығы ұйымдастырған Студенттердің ғылыми жұмыстарының Республикалық конкурсының жеңімпазы (1 орын).

2. Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының қоры ұйымдастырған Жаратылыстану, техникалық және гуманитарлық ғылымдар бойынша студенттердің ең үздік ғылыми жұмысы Республикалық байқауының жеңімпазы.

2013 жылы 6M110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша магистратураға оқуға түсіп, сол оқу аясында «Құю өндірісі жұмысшыларына медициналық көмекті ұйымдастыру ерекшеліктері» диссертациялық жұмысы орындалды және қорғалды.

2015 жылдан 2018 жылға дейін 6D110200 «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша докторантурада оқыды. Барлық оқу уақытында ол өзін белсенді және перспективті зерттеуші ретінде көрсетті.

Автор ғылыми-зерттеу жұмысында кәсіпорындағы кәсіби қауіпті басқару тиімділігінің көрсеткіштері мен өлшемдерін зерттеді. Байыту кешені жұмысшыларының еңбек жағдайларын зерттеу арқылы жұмысшы денсаулығына әсер етуші қауіп факторларын анықтап, уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша сырқаттанушылығын, сауалнама жүргізу арқылы әлеуметтік-медициналық факторларды және қауіп факторларын айқындап, жұмысшылардың денсаулық жағдайының деңгейін анықтады. Алынған мәліметтер негізінде кен өңдеуде жұмысшы денсаулығына әсер етуші қауіп факторларының алдын алу және басқарудың медициналық-әлеуметтік бағдарламасы әзірленді.

М.К. Тилемисов докторантурада оқу жылдары жақсы теориялық дайындыққа ие, өзін бастамашыл, жоғары ұйымшылдық қасиеті бар, ойлы зерттеуші ретінде көрсетті. Мақсаттар мен міндеттерді нақты тұжырымдап, алынған нәтижелерді мұқият талдай алады.

Зерттеу тақырыбы бойынша 20 ғылыми жұмыс жарияланды, оның ішінде: 2 – Clarivate Analytics и Scopus дерекқорында индекстелетін мақалалар, 3 – ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда жарық көрген мақалалар, 6 – халықаралық

конференциялар материалдарында шыққан мақалалар, оның ішінде шетелдік конференциялардағы мақалалар және 2 зияткерлік меншік ресімделді.

Тилемисов Магжан Какарманович жоғары деңгейде терең ғылыми зерттеу жүргізді және «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесіне лайық деп санаймын.

Ғылыми жетекші:

«Қарағанды медицина университеті» КеАҚ
Қоғамдық денсаулық сақтау және кәсіби денсаулық
Институтының Ғылыми-зерттеу санитарлық-гигиеналық
зертханасының бас ғылыми қызметкері,
медицина ғылымдарының докторы



Отаров Е.Ж.